

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Мұнай-газ өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 7 сәуірдегі N 487

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылғы 16 қыркүйекте Баку қаласында қол қойылған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Мұнай-газ өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімін белгіленген тәртіппен Әзірбайжан Тарабына хабарласын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан
Республикасы Үкіметінің арасындағы мұнай-газ
өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі мен мұнай-газ өнеркәсібі саласында ынтымақтастықты дамытуға деген ұмтылысты басшылыққа ала отырып, ұзақ мерзімділік негізінде мамандандыру, кооперация мен технологиялық жағынан өзара байланысты өндірістерді сақтау және дамытудың орындылығына сүйене отырып,

мұнай-газ салаларында ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың мақсатты бағдарламалары мен жобаларын бірлесе әзірлеу мен жүзеге асыру қажеттігін мойындай
о т ы р ы п ,

мұнай-газ салаларында шикізат базасын тиімді пайдаланудағы, бірлескен кәсіпорындар мен мемлекетаралық компаниялар ұйымдастырудағы, шаруашылық

жүргізуші субъектілердің арасында нарықтық қатынастарды жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар жасаудағы Тараптардың өзара мүдделілігін ескере отырып, төмендегі туралы келісті:

1 - б а п

Тараптар өзара тиімділік, өзара көмек пен бір-біріне экономикалық залал келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеу негізінде мұнай-газ салаларында ынтымақтастықты б а р ы н ш а да м ы т а т ы н бо ла ды .

2 - б а п

Тараптар Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Әзірбайжан Республикасының Мемлекеттік Мұнай Компаниясына, "Азеригаз" Мемлекеттік Компаниясына меншіктің түрлі нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің отын-энергетика ресурстары мен басқа да тауарларды өзара байланыста беруді жүзеге асыру жөніндегі, сондай-ақ мұнай-газ салаларындағы жұмыстарды орындау мен қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарын үйлестіруді қамтамасыз етуді т а п с ы р а ды .

3 - б а п

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының аумақтарындағы бірлескен қызмет аймақтары, мұнай және газ кен орындарын барлау, жайластыру және игеру, мұнай-газ салалары мен оның инфрақұрылымдары объектілерін жөндеу және салу жөніндегі жұмыстардың көлемі, отын-энергетика ресурстарын өңдеу және мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету көлемі, сондай-ақ қажет болғанда отын-энергетика ресурстары мен басқа тауарларды өзара беру көлемі Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Әзірбайжан Республикасының Мемлекеттік Мұнай Компаниясының, "Азеригаз" Мемлекеттік Компаниясының арасындағы жыл сайынғы жеке хаттамалармен айқындалатын болады деп келісті.

Өзара байланысты өнім берулерді жүзеге асыру мен берешек үшін сыртқы экономикалық шарттарды (контрактілерді) жасаған шаруашылық жүргізуші субъектілер жауапкершілікте болады.

Тараптардың кәсіпорындары мен ұйымдарының арасындағы өнім беру үшін, сондай-ақ жұмыстарды орындау мен қызмет көрсетулер үшін есеп айырысулар келісімді бағалар бойынша еркін өтінімді валютада немесе басқа өзара келісілген тәсілмен жүзеге асырылатын болады.

5-бап

Тараптар Тараптардың қолданылып жүрген заңдарына сәйкес меншіктің түрлі нысанындағы бірлескен кәсіпорындар құруға жәрдемдесетін болады.

6-бап

Тараптар ұлттық энергетикалық бағдарламаларды әзірлеу кезінде мұнай-газ салаларында интеграциялық байланыстарды одан әрі тереңдету, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту және жаңа технологияларды енгізу мақсатында өзара консультациялар жүргізуге келісті.

7 - б а п

Тараптар халықаралық танылған экологиялық стандарттарға жылдамырақ қол жеткізуді қамтамасыз ететін бірыңғай әдістемелік ыңғайлардың негізінде мұнай-газ салаларында экологиялық бағдарламаларды әзірлеу және оны жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдайтын болады.

8 - б а п

Тараптар табиғи зілзалалар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде өзара іс-қимыл жасайтын, сондай-ақ мұнай-газ салалары объектілері жұмысының сенімділігі мен орнықтылығын арттыру жөніндегі жекелеген бірлескен жұмыстарды қаржыландыратын болады.

9 - б а п

Тараптар өз аумақтары арқылы өтетін арналы мұнай-газ құбырларының орнықты жұмысын қамтамасыз ету жөнінде тиісті шаралар қабылдайтын және көмірсутегі шикізатының өткінін кедергісіз жүзеге асыратын болады.

Тараптардың экспортқа арналған энергия ресурстары өткінінің көлемі мен шарттары Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Әзірбайжан Республикасының Мемлекеттік Мұнай Компаниясының, "Азеригаз" Мемлекеттік Компаниясының арасындағы хаттамалармен айқындалатын болады. Аталған хаттамалар осы Келісімнің

ажырамас бөлігі болып табылады.

10-бап

Тараптар Ақтау және Баку теңіз порттары арқылы жүктер мен жабдықтарды беру жөнінде бірлескен жұмысты жүзеге асыру, аталған порттар арқылы мұнай және мұнай өнімдерін беруге жәрдемдесу және мұнай құю кемелерін пайдалануда қабылданымды шешімдер табу ниетінде.

11-бап

Осы Келісімнің ережелеріне түсінік беру немесе оларды қолдануға байланысты туындайтын мәселелер келіссөздер мен консультациялар арқылы немесе Тараптарға басқа қабылданымды тәсілмен шешілетін болады.

12-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Әзірбайжан Республикасының Мемлекеттік Мұнай Компаниясына, "Азеригаз" Мемлекеттік Компаниясына осы Келісімнің орындалу барысы туралы ақпаратпен жедел алмасу ұйымдастыруды тапсырады.

13-бап

Тараптар өзара келісіп осы Келісімге қажетті толықтырулар мен өзгертулер енгізе алады, олар тиісті хаттамалармен ресімделеді.

Осы Келісім тиісті мемлекетішілік процедураларды орындау туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасының датасынан бастап күшіне енеді және Тараптардың бірінің оның күші тоқтатқысы келетін өзінің ниеті туралы басқа Тарапқа жазбаша түрде хабарлаған күннен бастап

екі ай өткенге дейін күшінде қала беретін болады.

1996 жылы 16 қыркүйекте Баку қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде жасалды, мұнда барлық мәтін бірдей заңды күшке ие.

Келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының	Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін